

К. О. ЖЕДЕЛОВ

## СӘНДІК ҚОЛӨНЕР МЕН БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРИНІҢ ЖАС ҮРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОРНЫ

Қазіргі XXIғ. бет бүрған тұста халыққа білім беру үрпак тәрбиелеуге мына нәрселер қатты ықпал етеді: біріншіден, өлемдегі ғылыми-техникалық даму барысының қарқындылығы; екіншіден, саясат пен экономиканың және мәдениеттегі үстемдік ықпалы; үшіншіден, өлемді бәсекелестік дамуының жайлауы мен оның барысы; төртіншіден, өлемдегі өзара байланыстылық жөніндегі ақпарат. Осы айтылғандар аясында бүтінгі Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жағынан жедел дамып келеді. Сол себепті үрпакты бейнелеу өнеріне баулауға қойылатын талаптар – ең алдымен баланың жас шамасына, білімі мен ой-өрісіне сай болуы, оның жан-жүргегіне өсер ету арқылы халық мұрасына, жалпы өнер дүниесіне, деген көзқарасына ықпал ету, заманымыздың, қоғамымыздың алдында ерекше зерек азамат болып қалыптасуына мейлінше үлес косу, шындықпен, шығармашылықпен суреттеуге бейімдеу. Өз халқының өнерін, дәстүрін мактан тұтушылық, адалдық, адамгершілік, енбекқорлық, ар-намыс, ерлік, достық туралы толғана бастаған баланың азамат болуына бейнелеу өнері арқылы ықпал ету.

Ең алдымен халқымыздың қазіргі кездегі бейнелеу өнерін оқушылардың жас ерекшелігіне қарай жүйеленген сұрыптаң оқытуды ойлау қажет. Осыны ескере отырып халқымызда қалыптасып келе жатқан сәндік қолданбалы өнердегі ою-өрнек дәстүрін, бейнелеу өнері арқылы образдық нақышына келтіре орындағы түпкі мақсатты жетік түсінуіне жағдай жасау керек.

Әдемі түстерге бөленген айшықты өрнектерімізben сызық, ырғак, рендік үйлесімдіктерін тауып шешу өдіс-тәсілдеріміз қаншама. Осының барлығы бейнелеу өнеріміздің бүгінге дейінгі жүріп өткен жолының қалыптасу кезеңдерінің тарихында өсер етеді. Бүгінде халқымызда қалыптасқан дәстүр мен мұра, қарапайым өрнек элементтері жас үрпакты өнерге баулудың бірден бір жолы. Сондықтан да ғасырларға созылған тарих көшінде қалып бара жатқан ұлттық өрнегі мізді келешек үрпакқа бейнелеу өнері арқылы жеткізу – өзекті мәселе.

Халқымыздың көркемдік-эстетикалық өзгерістеріне терен үніліп, әрбір жас үрпактың ізденістеріне, олардың шығармашылық үлестеріне ерекше назар аударған жөн. Өнерді игеру мәселелерін сөз еткенде оны тек қана бейнелеу өнері үлгілерімен ғана шектеп қоюға болмайды. Өйткені «Бейнелеу өнері» жалпы халық мұрасының мазмұнды мәнді бір саласы.

Қазіргі таңда оку жүйесінде ғана емес қазақ қоғамында сөз болып жатқан мәселе – жас үрпакты өнерге баулу мәселесі. Болашақ үшін тілімізді, ғылымды, тарихи дәстүрді, соның ішінде бейнелеу өнері, оның түрлі салаларын, жанрларын терен мазмұнды менгеруімізді қажет етеді. Сонда ғана ісіміз алға баспак.

Негізгі мақсат – кең өріс алып отырған бейнелеу өнерінің, өсіресе, соңғы жылдардағы шығармалардың өзіндік ерекше бояу нақышымен, талғам танымдарымен көзге түседі. Сондықтан да көрермен қауым мен оқушылар өнертанудың өзекті мәселесін – бейнелеу өнерінің арнайы тілі төнегінен ой тербеліп, бейнелеу өнерінен айтар пікірімізді ортаға салуды қүтеді.

Өнертанушы ғалымдарымыздың алдында түрған қазіргі таңдағы маңызды міндеттердің бірі бейнелеу өнері саласында ою-өрнектің орындалу элементтеріндегі ырғакты сызықтарды саралап, түстердің реңдерін ажыратса білудегі рухани байлығын барша терендігін жүйелей зерттеу арқылы жас үрпакқа шығу тарихын түсіндіру. Менің айтпағым – ұлттық ою-өрнектерді, бейнелеу өнерінде қабылдау теориясының табиғатына тән кейір жалпы да нақтылы зандалықтар жайында болмақ. Олай дейтінім, бейнелеу өнерінде ұлттық ою-өрнегіміздің де өзіндік қыры мен сырь мол, осының бәрі бейнелеу өнерінің кәсіптік тілімен астарласып келетін бейнелі көріністер. Бүгінгі таңның талабына сай қойылатын бейнелеу өнеріндегі ұлттық және кәсіби терминдерді қалыптастыруда болып отыр. Шындал келгенде, мақсат – халқымыздың бейнелеу өнерінің мән-жөйін ашып көрсету, терминдер мен ұғымдарға ұлттық ұлті жасап, бейнелеу өнерін жаңа белестерге көтөруге, сөйтіп бейнелеу өнеріндегі ұлттық термин-

дердің дамуының бүтінгі тенденциясының бағыт-бағдарын анықтай тұсу.

Көркем шығармаларға арнайы көніл бөліп, әртүрлі қырларынан танып білу – окушыларға шығармашылық зор талап пен ықылас туғызады. Халқымыздың сәндік қолөнері мен бейнелеу өнерінде қолданылатын тұс, сыйық, ырғак, рен, композициялық құрылымдарды жүйелі саралай білу үшін мынандай бірнеше міндеттерді жүктейді:

- Халқымыздың сәндік қолөнері мен бейнелеу өнеріндегі өн, тұс, рендік бояулардың образды айтылуы.

- Халқымыздың сәндік қолөнері мен бейнелеу өнеріндегі сыйық пен ырғакты саралай білудегі ұғымдарын түстердің атаулары мен шығу тарихын зерттеу арқылы анықтауға мүмкіндік туғызады.

- Халқымыздың қазіргі кезеңдегі бейнелеу өнері салаларын жүйелі түрде ажыратада білудің құпия сырын түсінуге тырысадың көптеген мәселелерін, атап айтқанда, жай қарапайым ою-өрнектердегі түстердің өзіндік ерекшеліктері, тағы басқа көптеген жайлар өлі өз шешімдерін толық таппай отырған халқымыздың сәндік қолөнері мен бейнелеу өнерін төрек зерттеп, қадірлеп болашаққа табиғи қалпында табыс ету, тек көрермен қауымғағана емес, әрбір ұстазға да міндет жүктейді.

Ұлттық мектептерімізде бейнелеу өнерін оқыту дәрежесі орыс мектептеріне қарағанда қазіргі заман талабынан деңгейі төмендеде. Оның себебі ұлттық мектебіміздегі бейнелеу өнері пәнін оқытуда ұлттық өнеріміздің тарихы мен дәстүрін, соның ішінде, бейнелеу өнеріміз берін сәндік қолөнеріміздегі тұс, рен, сыйық, ырғак, үйлесімділігін төрек зерттеп дамыта оқыту өдістерін менгертуіміз төмен.

Бейнелеу өнерінің түрлерін, жанрларын сипаттап, анықтап айту, көркемдік өдіс-тәсілдерін түрлендіру мүмкіншіліктерін іздеп табу, болашақ үрпактан зиялды да өнерлі, сезімтал топтың шығуына үйіткі болады.

«Иә, казақ халқының ұлттық ерекшеліктері, оның баға жетпес рухани мұралары сақталып дами түсіу керек. Біз бұрынғы империялық піфылмен қазақтарға шірене қарайтындармен күресіп келдік, бұдан былай күресе береміз», – деп мәлімдеді Президентіміз Н.Ә. Назарбаев, Алматыда Республика күніне арналған жұртшылықтың салтанатты жиналысында [1].

Біздің елімізде, соның ішінде педагогика ғылымында бейнелеу өнерінің тәрбиелік мақсаты түбегейлі шешімін тапты деуге тіпті де болмайды. Ең бастысы ұлттық бейнелеу өнеріміздің көркемдік даму тарихын түсіндіретін тенденциялары негізгі

концепциялары мен методологиясы көп айтыла бермейді. Міне, сондықтан, ұлттық мектептерімізде бейнелеу өнерінің ерекшелігі жөнінде өзіндік көркемдік шешім айқындала қойған жок.

Халық сәндік қолөнері мен бейнелеу өнері дәстүрінің сабактастыры төрек зерттелмей назардан тыс қала береді.

Сол себепті қазіргі кезеңдегі ұлттық бейнелеу өнеріміздің көркемдік ерекшеліктеріне шолу жасап, «Қазақ әдебиеті» газетінің 2008 жылғы 20 маусымда ақпарат бетіне жарияланған «Мәдени мұра» бағдарламасын айта кетуге болады [2]. Халқымыздың дәстүрі мен ұлттық бейнелеу өнеріміздің негізін пір тұту мақсатымыз екені шындық. Осы орайда өнеріміздің ілгерлеуіне кедергі жасаушыларға ғалым, жазушы Ақселеу Сейдімбеков айтқан деректерді көлтүрге болады.

«Алуан түрлі жат идеялар кеуlep, аландатып, ығыстырып ұлттық өнеріміздің төл тұма қалыбын тұншықтыруды, бұл проблеманы түзету былай тұрсын, айткан адамның өзін «ескіні қөксөуші», «артта қалған», «ұлтшыл» деген таңбамен күстаналайды», – деген [3].

Қазіргі кезеңде халқымыздың бейнелеу өнерінің көркемдік даму ерекшеліктерін қайта жетілдіру аса маңызды.

XXIғ. деңгейінде білім беру мен кәсіптік даярлау жөніндегі талаптарды айта келіп, Елбасы Н. Назарбаевтың «Бәрі де мектептен басталаады» [4] деуі өмір шындығын айқындауынан шыққан. Сол үшін құжаттарда Қазақстандағы білім беру туралы сөз еткенде «орта білім беру елдің біртұтас үздікісінен білім беру жүйесінің базалық буыны ретінде жұмыс істейді», – деп көрсетілген. Сол себепті Қазақстан білім беру саясатында білім беру жүйесінің жағдайын түпкілікті өзгерту көзделіп отыр. Ондағы бағыт – білім беру жүйесінің нарықтық экономиканың жәйіне және ашық азаматтық қоғамның қажеттіліктерінен қалыс қалмауын көздейді. Әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастырылған, жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын көп деңгейлі үздікісінен білім берудің ұлттық үлгісін қалыптастыруды көздейді. Бұл қадам халқымыздың бейнелеу өнері мен сәндік қолөнеріміздің қайта жаңырыуын жандандыруымен қатар жүргізілуі қажет. Сондықтан да болашақ үрпактың рухани азырының негізі осында.

Бірақ біз жас үрпакты тек өз халқымыздың ғана дәстүрімен, мәдениетімен, өнерімен тәрбие-лесек, онда біз дүниежүзілік өркениет керуенінен артта қалар едік. Өркениетті елдердің жетістік-

терін, өнерін жас үрпақ өз бойына сінірмесе онда сынаржак үрпақ тәрбиеленетіндігі де мәлім. Сондықтан да, қазіргі уақытта жаңа Қазақстанның, жаңа қоғамның жаңа адамын қалыптастыруда ғылым саласының қай-қайсына болса да өсер етеді. Ал бүгінгі халқымыздың сәндік қолөнері мен бейнелеу өнері мұралары ғылым мен өмір саласының қай-қай жерінде де жағымды ықпал ететіні өбден дәлелденген және оған көніл қою, оның жетілу барысын қамтамасыз ету өбден керек мәселе. Сол себепті халқымызда бейнелеу өнері дамуындағы әлеуметтік дүниетанымын терең түсіну қажет. Мемлекетіміздің білім беру

жүйесі халқымыздың тарихында мындаған жылдар қалыптасқан мол ұлттық қазыналарды халқымыздың рухани және адамгершілік дәстүрлерін, елімізді мекендереген көп ұлттық этностық мәдени күш қуатын өлемдік өркениет жасаған қазыналарды тұғыр етуі қажет.

### ӘДЕБІЕТ

1. «Орталық Қазақстан». 1994. 27 қазан.
2. «Қазақ әдебиеті». 2008. 20 маусым.
3. Сейдімбеков А. Отаршылдық ойраны // Орталық Қазақстан. 1993. 2 қараша.
4. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2007.